

Альмухамбетова Б.Ж.,
Ерманкулова Р.И.

Қазақстанның жеңіл өнеркәсіп саласында шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру жолдары

Бұл мақала экономиканың жеңіл өнеркәсіп саласында шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру мәселелеріне арналған. Жеңіл өнеркәсіп саласы әрбір ел экономикасының дамуында маңызды рөл атқарады, себебі бұл сала бюджеттік қаржылардың маңызды көзі және жоғары экспорттық әлеуетке ие салалардың бірі болып табылады. Қазіргі уақытта жеңіл өнеркәсіп саласын дамыту мақсатында бірқатар шаралар мемлекет тарапынан жүзеге асырылуда. Жалпы экономикадағы және оның ішінде жеңіл өнеркәсіп саласы кәсіпорындарында жүргізіліп отырған экономикалық реформалар шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлікті дамыту тұрақты экономикалық дамуға қол жеткізудің стратегиялық ресурсы болып табылатындығын дәлелдейді. Мақалада жеңіл өнеркәсіпте шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлікті ынталандырудың тиімді тетігін әзірлеу және жүзеге асыру шаралары қарастырылған. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде, жеңіл өнеркәсіп саласында шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлікті ынталандырудың перспективті бағыттары бойынша ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: жеңіл өнеркәсіп, шағын бизнес және жеке кәсіпкерлік, мемлекеттік қолдау, инвестициялық климат, салық салу тәртібі, экспорт және импорт үрдісін ұйымдастыру.

Almukhambetova B.Zh.,
Ermankulova R.I.

Stimulating the development of small business and private entrepreneurship in the light industry of Kazakhstan

The article discusses the stimulating the development small business and private entrepreneurship in the Republic of Kazakhstan of light industry. Light industry performs an important role in the economy of each country, as is a major source of budgetary funds and has significant export potential. Currently, the government is taking active measures to create conditions for the development of light industry. Economic reforms in the Republic of Kazakhstan as a whole and in light industry in particular, confirms that the development of small business and private entrepreneurship is a strategic resource, the inner source of sustainable economic development. The authors determined the development and implementation of an effective mechanism to support small business and private entrepreneurship in the light industry. As a result of the study are given a number of recommendations for the development of small business and private entrepreneurship in the light industry.

Key words: light industry, small business and private entrepreneurship, state support, investment climate, tax rules, export and import organization.

Альмухамбетова Б.Ж.,
Ерманкулова Р.И.

Стимулирование развития малого бизнеса и частного предпринимательства в легкой промышленности Казахстана

В статье рассматривается стимулирование развития малого бизнеса и частного предпринимательства в легкой промышленности Республики Казахстан. Легкая промышленность исполняет важную роль в экономике каждой страны, поскольку является серьезным источником бюджетных средств и обладает значительным экспортным потенциалом. В настоящее время государством предпринимаются активные меры по созданию условий для развития легкой промышленности. Экономическая реформа, проводимая в РК в целом и на предприятиях легкой промышленности в частности, подтверждает то, что развитие малого бизнеса и частного предпринимательства является стратегическим ресурсом, внутренним источником устойчивого экономического развития. Авторами определены пути разработки и реализации эффективного механизма по поддержке малого бизнеса и частного предпринимательства в легкой промышленности. По результатам исследования дан ряд рекомендаций по стимулированию развития малого бизнеса и частного предпринимательства в легкой промышленности.

Ключевые слова: легкая промышленность, малый бизнес и частное предпринимательство, государственная поддержка, инвестиционный климат, правила налогообложения, организация экспорта и импорта.

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП
САЛАСЫНДА ШАҒЫН
БИЗНЕС ПЕН ЖЕКЕ
КӘСІПКЕРЛІКТІ
ДАМУДЫ
ЫНТАЛАНДЫРУ
ЖОЛДАРЫ**

Экономиканы жаңғырту және әртараптандыру жағдайында шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлікті дамыту еліміздің алдында тұрған басты міндеттердің бірі болып табылады. Бүгінгі күнде ішкі нарықты сапалы, бәсекеге қабілетті және әртүрлі өнім түрлерімен қанағаттандыру, жаңа жұмыс орындарын құру және халықтың өмір сүру деңгейін арттыруда шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлікті дамыту маңызды мәнге ие болып отыр. Экономиканың әрбір секторында жұмыс істейтін шағын кәсіпорындар, әдетте, ірі кәсіпорындарға қарағанда іскерлік және инновациялық белсенділіктің жоғарғы деңгейімен сипатталады. Бұл ұлттық және аумақтық өнеркәсіптік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру кезінде шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің экономикалық мүмкіндіктерін қарастыруда өзекті болып табылады, себебі жергілікті ресурстарды пайдаланатын және жергілікті нарықта өз өнімін сататын шағын және жеке кәсіпорындар қазіргі таңда аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының катализаторы ретінде қызмет етеді.


Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында шағын және орта бизнесті, сондай-ақ, өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларды жүзеге асыруды жеңілдетілген несиелеу жүйесін қолдану қажеттілігі атап көрсетілген болатын [1]. Осыған орай, бүгінгі күнде жеңіл өнеркәсіп саласын дамытуда кәсіпкерлікті қолдаудың рөлі айтарлықтай артып отыр. Жеңіл өнеркәсіпте кәсіпкерлікті дамытудың негізгі мәселелерінің бірі шағын және жеке кәсіпкерлік субъектілері санының өсу қарқынының төмен болуы. Бұл жеңіл өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлік субъектілері үшін маңызды, олардың дамуы жұмысбастылықты қамтамасыз етуде үлкен әлеуметтік маңызға ие болып табылады.

Жеңіл өнеркәсіпте шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлікті дамытудың кешенді жүйесін қалыптастыру өте күрделі және ұзақ үрдіс болып табылады. Оның негізінде қарастырылуы тиіс жағдайларға:

- кәсіпкерлік субъект қызметтерінің айрықша жағдайларын анықтаушы тиісті заңнамалық және нормативтік базаның болуы;
- кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды реттеуші нысандар мен әдістер.

Айрықша атап өтетін жайт, жеңіл өнеркәсіпте шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлікті қолдаудың тиімді тетігін әзірлеу және іске асыру оның мәнін терең талдау және барлық даму кезеңдерінде негізгі үрдістер мен заңдылықтарды айқындау бүгінгі күнде өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Қазақстанның жеңіл өнеркәсіп саласы жақсы шикізаттық базаларға ие болып табылады: мақта, жүн, табиғи былғары. Дегенмен, ол экономикадағы ең бір «шешімін таппаған» сала болып есептеледі. Жалпы жеңіл өнеркәсіп көп салалы өндіріс болып саналады. Оның негізгілері – *тоқыма, тігін, мақта-мата, былғары, тері илеу* салалары (1-сурет).



1-сурет – Жеңіл өнеркәсіптің құрылымы

Жеңіл өнеркәсіптегі басты сала – *мата тоқу* саласы. Негізінен ауыл шаруашылық өнімдерін пайдалана отырып, ол мақта, жүн, зығыр, жібек маталары мен тоқыма өнімдерін, киіз шығарады. Оларды өсімдік (мақта, зығыр) немесе жануарлар (жүн, жібек) өнімдерінен химиялық талшықтар қоса отырып жасайды [2].

Мақта-мата өнеркәсіптері еліміздің Оңтүстігінде шоғырланған. Барлық мақта тазалау зауыттары (олар 30-дай) Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан.

Жүн өнеркәсібі елімізде мардымсыз дамыған. Жүнді бастапқы өңдеу фабрикалары Оңтүстікте (Таразда және т.б.) және Шығыста (Семейде), ал мата тоқитын фабрикалар Фабричный кентінде (Алматы маңында), Қостанай мен Семейде орналасқан. Ал тоқыма өнеркәсібінде ерекше орынды Алматы алады.

Былғары, аяқ киім және тері өңдеу өнеркәсіптері бір-бірімен тығыз байланысты. Тері өңдеу (табиғи былғары алу) шикізат көзіне, су мен электр қуатына жақын орналасады. Еліміздегі тері өңдеу өнеркәсібінің негізгі орталықтары – Өтеген батыр (Алматы облысы), Петропавл, Рудный зауыттары. Қостанайда, Алматыда, Таразда, Ақтауда аяқ киім фабрикалары жұмыс істейді.

Жеңіл өнеркәсіптің, «кез келген жерде» орналаса беретін саласы – *тігін өнеркәсібі*. Ол көбінесе тұтынушыға таяу орналасады. Өнімнің негізгі бөлігін шағын тігін шеберханалары шығарады.

Қазақстанның жеңіл өнеркәсіп саласы шығаратын өнімдердің 51 пайызы тоқыма бұйымдар, 42 пайызын киім өндірісі, ал қалған 7 пайызы былғары және оған жататын өнімдер құрайды.


Қазақстанның жеңіл өнеркәсібі бірінші кезекте өндірістік қуат пен материалдық ресурстарға мұқтаж. Қазіргі кезде саланың тиімділігі 6 пайыздан аспайтын төмен табыстылығымен сипатталады. Негізгі капиталға салынатын инвестиция көлемі соңғы үш жылда 2,2 есе азайған. Дәл осы айналым қаражатының жетіспеушілігі қазақстандық кәсіпорындарда өндірістің саябырсуы немесе толық тоқтауына алып келетін басты түйткілге айналып отыр. Өйткені саланың технологиялық ерекшелігіне байланысты өнім шығару мен сату кезеңі 7 айды құрайды. Осы кезеңде үздіксіз өндірісті қамтамасыз ету үшін бір жылға жететін шикізат қорын сатып алуға өте үлкен көлемдегі айналым қаражаты қажет болады. Оның үстіне бұл қаражат өндірушілер өз өнімін өткізіп болғанша ұзақ мерзімге қажет. Себебі, кәсіпорын жұмысы тоқтаған кезде 30 пайызға дейінгі шикізат барлық қайта өңдеу сатыларында станоктарда қалады. Тоқыма өнеркәсібіндегі тиімділік бар-жоғы 3-7 пайызды ғана құрап, тек тігіп өңделген кезде ғана 25-35 пайызға дейін өседі.

Мемлекеттік өндірістік саясаттың артықшылығын қалыптастыруда мынадай жағдайларды бағалау керек: ел мен оның аймақтарын мамандандыру, қалыптасқан өндірістің салалық құрылымын, оның техника-экономикалық жағдайын, өндірістік кәсіпорындардың шаруашылық байланысын, формалары мен көлемін мамандандыру. Бұл жағдайлар өндірісті орналастыруды жетілдіру үрдісінің ұзақтығын анықтайды [3].

Енді кезекте Қазақстан Республикасы өнеркәсіп өндірісі құрылымының жалпы көлеміндегі жеңіл өнеркәсіп саласының үлес салмағын алып

қарайтын болсақ, ол өте төмен, мысалы 2015 жылы 0,51%, өңдеуші өнеркәсіп құрылымында 1,26%-ды құрады, бұл көрсеткіш 1980 жылы 21%


құраған болатын. Төмендегі 2-суреттен көріп отырғанымыздай, 1980 жылмен салыстырғанда 2015 жылға 18,74%-ға дейін қысқарған.



2-сурет – ҚР өңдеуші өнеркәсіп өндірісі құрылымындағы жеңіл өнеркәсіп өндірісінің үлес салмағы, 1980-2014 жж., %.

Егер жеңіл өнеркәсіп саласындағы кәсіпорындар құрамына қарайтын болсақ, республикадағы оның жалпы саны 2015 жылдың

жағдайы бойынша 879 кәсіпорынды құрады, оның ішінде 18 – ірі, 52 – орта және 809 шағын кәсіпорындар тіркелген (3-сурет).



3-сурет – Қазақстан Республикасындағы жеңіл өнеркәсіп саласындағы кәсіпорындардың саны, 2008-2015 жж., бірлік.

Кәсіпорындардың ең көп саны киім өндірумен айналысатын сегментте шоғырланған (574), 206 компания тоқыма бұйымдарын шығарумен және 93 кәсіпорындар былғары және оған жататын өнімдер өндірумен айналысады. Жеңіл өнеркәсіп саласындағы ірі кәсіпорындардың жартысы Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан. Бұл ең алдымен шикізат нарықтарының жақын орналасуы және еңбек ресурстарының болуына байланысты болып табылады. Тіркелген кәсіпорындардың жалпы санының тек 58% ғана жұмыс істеп жатқан кәсіпорындар болып табылады. Жұмыс істейтін жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының арасындағы 90% астамы шағын кәсіпорындар

болып табылады. Бұл тенденция соңғы 7 жыл бойына жалғасып келеді.

Ірі бизнес жоғарыда айтылғандай нарықтағы ауытқуларға көп төзімді болып табылады, ал шағын бизнес жоғарыда атап өткендей жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың жалпы санының 90%-ын құрап отырғанымен, бағалық бәсекеге шыдай алмайды, соның ішінде басқа елдерге және Қазақстанға жеңіл өнеркәсіп өнімдерін импорттаушы шетелдік компаниялармен бәсекеге қабілеттілік таныта алмай отыр.

Отандық жеңіл өнеркәсіптің басты түйткілдері – тиімділігінің төмендігі мен өтелімділік мерзімінің ұзақтығына байланысты инвестициялық тартымсыздығы, кәсіпорындардың іс-

керлік белсенділігінің төмендігі, кәсіпорындар қызметін маркетингтеудің әлсіздігі, өндірілетін тауарларды жарнамалаудың жоқтығы, негізгі қорлардың тозуы мен өнімдердің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі және айналым қаражатының жетіспеушілігі болып тұр [4].

Жеңіл өнеркәсіптегі жағдайды жақсарту үшін Елбасы тапсырмасы бойынша ҚР Инвестициялар және даму министрлігі отандық өндірушілерді ынталандыру тетіктерін дайындау үшін, ішкі нарықта сатылатын тауарлардың қауіпсіздігі мен сапасын бақылауды күшейту мақсатында, сондай-ақ контрафактілік көлеңкелі айналымды қысқарту аясында «2015-2019 жылдарға арналған жеңіл өнеркәсіпті дамыту бойынша кешенді жоспар» және «Қазақстан Республикасында балалар өнімдері саласын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары» әзірлеген болатын. Осы жоспар аясында саланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету және 30% экономикалық қауіпсіздік шекті мәнін қамтамасыз ету үшін мынадай шаралар көзделген болатын:

- тоқыма өнеркәсібінде – 10,0 мың мақта талшығы өңдеуді жылына 50,0 мың тоннаға дейін арттыру;

- былғары және одан жасалатын өнімдерді өңдеуді 700 млн шаршы дм., яғни мал терісін өңдеудің жылдық көлемін 70% дейін арттыру;

- жаңа қуаттарды пайдалану есебінен жүнді алғашқы өңдеу көлемін 25,0 мың тоннаға дейін ұлғайту көзделіп отыр [5].

Бүгінгі күнде жеңіл өнеркәсіп саласының алдында тұрған басты міндеттер:

- әлемдік деңгейдегі қазақстандық бренд киімдерді құру;

- ішкі нарықтағы қазақстандық бренд киімдердің имиджін (беделін) көтеру;

- тігін өнеркәсібінің дайын өнімдер экспортын 3 есе арттыру;

- тігін өнеркәсібінің өнім көлемін 3 есе өсіру;

- 1400 (әйелдер) жаңа жұмыс орындарын ашу;

- ішкі нарық есебінен тоқыма өнеркәсібін дамыту;

- киім импортын азайту.

Осы алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу мақсатында жеңіл өнеркәсіп саласында кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін едәуір перспективалы қолдау шаралары мыналар болып табылады:

1. Жеңіл өнеркәсіп саласында инвестициялық климатты жақсарту. Шағын кәсіпорындарға көзделген жеңілдіктерге қарамастан, өнеркәсіпте инвестициялық климат тиісті деңгейде емес. Атап айтқанда, сыртқы эконо-

микалық қызметті жүзеге асыру механизміндегі кемшіліктер мен кеден баждарының жоғары деңгейі. Егер дамыған елдер мен республикадағы экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыруға кететін шығындарды салыстыратын болсақ, онда бүгінгі күні олар жоғары болып табылады.

2. Жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің экспорты мен импорты процесін ұйымдастыру. Жеңіл өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін отандық және шетелдік компаниялар арасындағы қолайлы бәсекелестік ортаны құру мақсатында, олардың шикізатқа тең қол жетімділігін қамтамасыз ету қажет. Егер жергілікті компаниялар өз қажеттіліктері үшін жеткілікті көлемде мақта талшығын ала алмаса, онда олар оны шетел валютасында сатып алуға мәжбүр болады, бұл өз кезегінде жергілікті өндірушілердің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әкеледі.

3. Жеңіл өнеркәсіп секторында жұмыс істейтін шағын бизнес субъектілеріне салық салу жүйесі. Қазіргі уақытта, жеңіл өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін шағын бизнес субъектілері алдында тұрған мәселелердің бірі қолданылып отырған салық салу тәртібі. Көптеген жағдайларда, жалпы белгіленген салық төлеу тәртібі орнына бірыңғай салық төлеу тәртібі орын алады, шағын бизнес бойынша салық жүктемесінің деңгейі әлдеқайда төмен болады.

Жалпы, жеңіл өнеркәсіп саласында шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру үшін мына шараларды жүзеге асыру мақсатқа сай болып табылады:

1. Жеңіл өнеркәсіп өнімін өндіруге маманданған жаңадан құрылатын кіші және шағын кәсіпорындар үшін бірыңғай салық төлеу мерзімдері түрінде салықтық жеңілдіктер беру, алынған табыстарына сәйкес салық сомаларын төлеудің мерзімдік механизмі тетігін жүзеге асыру ұсынылады.

2. Өз өнімін экспорттаушы шағын бизнес субъектісіне ұсынылатын банктік микрокредиттердің жеңілдетілген пайыздық ставкасы мен Ұлттық банктің қайта қаржыландыру ставкасы арасындағы айырмашылықты мемлекеттің субсидиялау жүйесін ендіру мақсатқа сай болып табылады. Нәтижесінде коммерциялық банктердің шағын бизнес субъектілеріне микро несиелеумен байланысты несиелік тәуекелдері азаяды, сонымен қатар заем қаржыларын қайтару мүмкіндігі туындайды.

3. Жеңіл өнеркәсіп саласында шағын бизнес пен кәсіпкерлік субъектілері қызметін тиімді ұйымдастыру үшін дамыған елдер тәжірибесін-

де кеңінен қолданылатын аутсорсинг қызметтерін көрсететін компанияларды ұйымдастыру қажет.

Қорыта келе, жеңіл өнеркәсіп саласының тұрақты дамуын қамтамасыз етудің маңызды

факторы ретінде шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлікті дамытуды мемлекеттік қолдауды арттыру, осы саладағы жүргізіліп отырған экономикалық реформалардың тиімділігіне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы. 11.11.2014 // www.akorda.kz.
- 2 Печаткина Е.Ю. Особенности предприятий легкой промышленности // Вестник Челябинского государственного университета. – 2012. – № 8 – С.123-128.
- 3 Дуплинская Е.Б. Целевые программы как эффективная форма государственной поддержки развития малого и среднего предпринимательства // Молодой ученый. – 2015. – №8. – С. 510-513.
- 4 Худова Л.Н. Возможности легкой промышленности в Республике Казахстан в условиях модернизации производства // Инновационные технологии производства товаров, повышение качества и безопасности продукции легкой промышленности: Материалы Междунар. науч.-практ. конф., г. Алматы, 28-29 апр. 2011 г. – С. 116-120.
- 5 Программа по развитию легкой промышленности в Республике Казахстан на 2015-2019 годы. – Астана, 2014.

References

- 1 Nasarbaev N.A. Kazakhstan khalkina «Nurlu zhol-bolashakka bastar zhol» atti Zholdayi. 11.11.2014// www.akorda.kz
- 2 Pechatkina E.Yu. Osobennosti predpriyatij legkoy promishlennosti // Vestnik Chelyabinskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2012. – № 8 – S.123-128.
- 3 Duplinskaya E.B. Celevie programmi kak effektivnaya forma gosudarstvennoy podderzhki razvitiya malogo i srednego predprinimatelstva // Molodoy ucheniy. – 2015. – №8. – S. 510-513.
- 4 Khudova L.N. Vozmozhnosti legkoy promishlennosti v Respublike Kazakhstan v usloviyax modernizatsiy proizvodstva // Innovacionnie texnologiyi proizvodstva tovarov, povishenie kachestva i bezopasnosti produkcyi legkoy promishlennosti: Materiali Mejdunar. nauch.-prakt. konf., g. Almati, 28-29 apr. 2011 g. – S. 116-120.
- 5 Programma po razvitiyu legkoy promishlennosti v Respublike Kazakhstan na 2015-2019 godi. – Astana, 2014.